

## Ұлытау облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2023 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Ұлытау облыстық мәслихатының 2023 жылғы 16 маусымдағы № 3/39 шешімі. Ұлытау облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 22 маусымда № 32-20 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 569-бабына, Қазақстан Республикасы Су кодексінің 38 бабының 5) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6 -бабының 5-тармағына сәйкес Ұлытау облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қоса беріліп отырған Ұлытау облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2023 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлытау облыстық мәслихатының төрағасы

Б. Шингисов

Ұлытау облыстық  
мәслихатының  
2023 жылғы 16  
маусымдағы  
№ 3/39  
шешіміне қосымша

## Ұлытау облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2023 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері

№ р/р	Арнаулы су пайдалану түрі	Өлшеу бірлігі	2023 жылға төлемақы мөлшерлемелері, теңге
I	Нұра, Сарысу, Кеңгір өзендерінің бассейні		
1	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 текше метр	205,77
2	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 текше метр	587,04
3	Ауыл шаруашылығы ( төмендеткіш коэффициентті есепке ала отырып – 0,5)	теңге/1000 текше метр	84,73

4	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 текше метр	160,38
5	Су энергетикасы	теңге/1000 килоВатт сағат	-
6	Су көлігі	теңге/1000 тонна километр	-
II	Торғай, Тобыл, Бірғыз өзендерінің бассейні		
1	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 текше метр	184,59
2	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 текше метр	526,52
3	Ауыл шаруашылығы (төмендеткіш коэффициентті есепке ала отырып – 0,5)	теңге/1000 текше метр	72,62
4	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 текше метр	145,25
5	Су энергетикасы	теңге/1000 килоВатт сағат	-
6	Су көлігі	теңге/1000 тонна километр	-